

Талдықорған облысында жүргізілген экономикалық тәжірибенің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 9 қазан N 1246

"Талдықорған облысында жүргізілген экономикалық тәжірибе жүргізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 4 шілдедегі N 917 қаулысы мен "Аймақтарда реформаларды тереңдету жөніндегі облыстар мен жоспарлар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 13 наурыздағы N 309 Р960309_ қаулысын орындау үшін, экономикалық экспериментті одан әрі дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы Етеді:

1. Талдықорған облысының әкімі Экономикалық келісімді реттеудің облыстық қорын дамыту және қайта жаңғырту жобаларын инвестициялау бойынша кредиттік айырбастау шарттарын әзірлеу мен жасасу жөніндегі жұмысты ұйымдастырсын.

2. "International Economic Development Strategist Human Resource & Trade Development - B\H" фирмасының тәжірибе бағдарламасы жөніндегі жобалардың инвестицияларын инвестицияланған жобаларға енгізілген объектілерді басқаруға бере
о т ы р ы п т а р т у м а қ ұ л д а н с ы н .

3. Қазақстан Республикасының Кеден органдары әкелінген жабдықтар, материалдар , аксессуарлар және басқа инвестициялар жөніндегі кәсіпорындардың жарғылық қорына салынған салым ретінде "International Economic Development Strategist Human Resource & Trade Development - B\H" фирмасының қатысуымен және "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығының 149-бабы және "Шетел инвестициялары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 22-бабы негізінде оның жеке мұқтаждары үшін арналған мүлікке кеден төлемдерін жүргізсін.

4. Қазақстан Республикасының Салық органдары "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығының 61-бабы негізінде көрсетілген қаржылық қызметтерге салық салуды жүзеге асырсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

орынбасары